Қарағанды қаласының ішкі саясат бөлімі
мемлекеттік мекемесі

BasQary қоғамдық қоры
БСН: 170440004006
Астана қ, Айтматов 31
тел : 87776297529

№ хабарландыру:№ 16491222 -1
№ лота: № 82996156 -ГСЗ4 лоты бойынша арыз

1. **Жұмыс тәжірибесінің болуы өлшемі бойынша** BasQary ұйымының өтініміне 1 баллы тағайындалды. Ұйымның аталған өлшем бойынша «әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласындағы әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесі екі жылдан астам және бес жылға дейін қоса алғанда» өлшемінде **2 балл** иеленуі қажет.

2. «**Егер жоба жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылса - тиісті аймақтағы үкіметтік емес ұйымның тәжірибесі»** бойынша 0 баллы ұсынылған.

Аталған өлшем бойынша Basqary қорына **4 балл** ұсынылуы тиіс:

Қарағанды облысының Ішкі саясат басқармасы:

2018 ж. - Азаматтардың жергілікті өзін-өзі басқару шешімдерін қабылдау үрдісіне қатысу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған ұйымдастырушылық және оқыту іс-шаралары.

2019 ж . - Азаматтардың жергілікті өзін-өзі басқару шешімдерін қабылдау үрдісіне қатысу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған ұйымдастырушылық және оқыту іс-шаралары.

Қарағанды Тіл басқармасы:

2024 ж. - Тіл саясатын іске асыру - «TilQazynaQaragandy» әлеуметтік жобасы.

Бюджет кодексінің нормаларына сәйкес Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі, Қарағанды қаласы Ішкі саясат басқармасының қызметі жергілікті бюджет деңгейіне жатады. Бұл ретте облыстық және қалалық бюджеттер жергілікті бюджет жүйесінің құрамдас бөліктері болып табылады және бір деңгейдегі – жергілікті бюджеттер санатына кіреді.

3.Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 452-тармағына сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу кезінде әлеуетті өнім берушілерге мынадай біліктілік талаптары қолданылмайды:

1) төлем қабілеттілігінің болуы;

2) шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және **еңбек ресурстарының болуы.**

Осы талапқа сәйкес «Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың** еңбек өтілі мен біліктілігі» өлшемі бойынша 4 баллы барлық тараптан алынып тасталуы тиіс.

4. «**Salauatty ómir saltyn tańda» жобасының мақсаты салауатты өмір салтын насихаттау және спорттық бағытты қамтиды.**

«Әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының (құрылтайшы құжаттарына сәйкес) Тапсырыс берушінің сатып алатын қызметтеріне және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Заңның 5-бабында көзделген бағыттарға сәйкестігі» өлшемі бойынша "ПРАВО" қоғамдық қоры, "Қарағанды облысы кәсіпкерлерінің Ассоциациясы" ҚБ жарғысында «салауатты өмір салты және спорт бағыты қарастырылмаған».

Аталған өлшем бойынша ұйым жарғысы сәйкес келмеген жағдайда бағалауға жатпайды.

5. «Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы» өлшемі бойынша "ПРАВО" қоғамдық қорына - 8, "Қарағанды облысы кәсіпкерлерінің Ассоциациясы" – 5 балл тағайындалған.

«**Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығына сәйкес *5, 8 балл* әлеуетті өнім берушінің екі жылдан астам және бес жылға дейінгі жұмыс тәжірибесі **ұқсас қызметтерді көрсету нарығында болған жағдайда ғана тағайындалады. Ұйымдардың тәжірибесінде «салауатты өмір салты және спорт» бағытындағы жобалары жоқ. Осыған сәйкес аталған ұйымдардың тәжірибесін тек әлеуметтік жобалар есебінен бағалау қажеттігін жеткіземіз.**

Жоғарыдағы таалптарды ескере, аталған барлық бағалау және қабылданған шешім бойынша түсініктеме беруді және хаттаманың күшін жоюды сұраймыз.

BasQary қоғамдық қоры **М. Ермағанбетұлы**